

**Самарбай ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 12 тамыздағы № 2 "Туполевка селосының көшелеріне атаулар беру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Ақмола облысы Зеренді ауданы Ақкөл ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 27 сәуірдегі № 2 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 25 мамырда № 5966 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Ақкөл ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Самарбай ауылдық округі әкімінің "Туполевка селосының көшелеріне атаулар беру туралы" 2009 жылғы 12 тамыздағы № 2 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-14-105 болып тіркелген, "Бірлік-Единство" газетінде 2009 жылдың 28 қыркүйегінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

шешімнің кіріспесі келесі редакцияда баяндалсын:

"Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағына сәйкес, Туполевка ауылы халқының пікірін ескере отырып, Самарбай ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:"**;

шешімнің қазақ тіліндегі тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "селосының" сөзі "ауылының" сөзімен ауыстырылсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақкөл ауылдық  
округінің әкімі

*Т.Мұхамдиев*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Зеренді ауданының  
"Мәдениет және тілдерді  
дамыту бөлімі" мемлекеттік  
мекемесінің басшысы

*А.Балтағарин*

2017 жылғы "27" 04

Зеренді ауданының

"Сәулет, қала құрылысы  
және құрылыс бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің  
басшысы

*Е.Шәкіржанов*

2017 ЖЫЛҒЫ "27" 04

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК